

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы N 774 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 977 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.09.2013 № 977 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.06. N 1193(қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).

2) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 1240 қаулысында : көрсетілген қаулымен бекітілген Адамдар, көлік құралдары мен жүктер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кезде оларды өткізу пункттерінде бақылауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықта:

2 3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "жүргізушілердің еңбек ету және демалу режимінің есебін тіркеу парағының," деген сөздерден кейін "тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру және/ немесе автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "рұқсат қағазы" деген сөздерден кейін ", тасымалдаушының жолаушылар алдындағы және/немесе көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК